

Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 9/5 "Приозерск қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 4 маусымдағы № 23/1 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 маусымда № 3252 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қаңтардағы № 01/04 "Қарағанды облысының жергілікті мемлекеттік басқару құрылымын және атқарушы органдарының штат санының лимитін бекіту туралы" қаулысы негізінде, Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 9/5 "Приозерск қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3065 болып тіркелген, "Приозерский вестник" газетінде 2015 жылдың 3 сәуірінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) аталған қаулының мемлекеттік тілдегі тақырыбы келесі редакцияда м а з м ұ н д а л с ы н :

"Приозерск қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту т у р а л ы " ;

2) мемлекеттік тілдегі қаулының 1 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1. Қоса берілген "Приозерск қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің е р е ж е с і б е к і т і л с і н . " ;

3) мемлекеттік тілдегі ережеде тақырыбы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Приозерск қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі";

4) мемлекеттік тілдегі ережеде 1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1. "Приозерск қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) білім беру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады." ;

5) ережеде 9 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде - "Приозерск қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде - государственное учреждение "Отдел образования города Приозерск".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Б.Ә.
Қ а з и е в а ғ а ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Қ. Камзин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ